

НАО «Костанайский
региональный
университет
имени А.Байтурсынова»



УТВЕРЖДАЮ
И.о. Первого проректора
А.Исмаилов
7.09.2020г.

ПРОГРАММЫ КУРСОВ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

Бағдарлама
«Білім алушы тарих пәнінің мұғалімдерінің жобаларын ғылыми сүйемелдеу»

Көлемі 36 сағат. Жетекшілер:

1. Исенов Ө.И., тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры
2. Байдалы Р.Ж., PhD доктор, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Бағдарламаның сипаттамасы

«Білім алушы тарих пәнінің мұғалімдерінің жобаларын ғылыми сүйемелдеу» курсының бағдарламасы мектеп мұғалімдерінің күнделікті жұмысында және кәсіби салада ғылыми зерттеу жұмысының әдістанамасын практикалық меңгеруге бағытталған. Курс тарих пәнінің мұғалімдеріне арналған. Курста білім алушылар теорияны ғана үйреніп қоймай, тақырыптар бойынша жүйеленген түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы жаңа академиялық жазба мен эссе, ғылыми мақала, реферат, курстық жұмыс, ғылыми баяндама, баяндамаға презентация, қатысты базалық білімдер мен дағдылар қалыптастырады. Курс аясында келесі жанрлардың ерекшеліктері талқыланады:

Мектеп мұғалімдеріне ғылыми жобаны, ғылыми мақаланы магистрлік дайындаумен байланысты ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу. Мектепте сабақ беру кезінде ғылыми зерттеулермен айналысу, білім беру үшін қажетті дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру. Тапсырмаларды жеке, жұппен және топпен орындауға болады.

Бағдарламаның өзектілігі қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне және қазақ тілінің латыннегізді жаңа әлінбиге кезең-кезеңмен көшіру туралы Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға негізделген.

Бағдарламаның мақсаты: тарих саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және өткізу, меңгерту.

Міндеттері:

- зерттеу барысында деректерді бағдарлауға, мақсат қоюға, жоспарлауға, іздеуге және интерпретациялауға үйрету;
- зерттеу проблемасын табуға және анықтауға, зерттеу мақсатын тұжырымдауға және оған қол жеткізу міндеттерін негіздеуге үйрету;
- теориялық білімді меңгеруге және жаңғыртуға, ғылыми әдебиетті талдауға, қорытуға және пайдалануға үйрету;
- қойылған проблеманы шешуде ғылыми-зерттеу әдістерін қолданады, ұтымды және барабар зерттеу құралдарын тандауды, зерттеуді өз бетінше жүргізуді, зерттеу нәтижелерін ресімдеуді, зерттеу проблемасын шешудің дұрыстығын дәлелдеуді жүзеге асыруды меңгерту;
- тұжырымдар мен ой-пікірлерді тұжырымдай алады, түсініктеме береді, өз идеяларын дәлелдеуді және қорғауды қалыптастыру;
- зерттеудің бастапқы нәтижелерін әртүрлі деңгейдегі академиялық басылымдарда жариялауға қабілетті меңгерту;
- жеке және ұжымдық ғылыми зерттеулерді жүргізу дағдыларын меңгеру және олардың нәтижелерін тәжірибеде қолдана білу, ақпаратты жанарту және өзектілендіруге бейімдеу;

Тақырыптық жоспары

№	Мазмұны	Лекциялар	Практик	Сағат
I	Баланың жасына сәйкес ғылыми зерттеулердің тақырыптары; тақырып тандау критерийлері	4	семинар-тренинг-2	6
1.1	Қазақстан тарихы			
1.2	Этномәдениет			
1.3	Өлкетану			

II	Зерттеу жүргізудің әдістемесі, ғылыми жобаларды басқару.	4	Семинар-тренинг-2	6
2.1	Проблемаларды анықтау, мәліметтер жинау			
2.2	Материалдарды өңдеу, жүйелеу			
2.3	Ғылыми жұмыстарды жазбаша рәсімдеу.			
III	Ғылыми жұмыстарды рәсімдеу	4	Семинар-тренинг-2	6
3.1	Ғылыми жұмыстың құрылымы			
3.2	Ғылыми жұмыстың мазмұны мен ғылыми аппаратына қойылатын талаптары			
VI	Зерттеудің практикалық бөлігін әзірлеу	4	Семинар-тренинг-2	6
4.1	Проблемалық зерттеу тақырыбын таңдау			
4.2	Зерттеуді ұйымдастыру әдістемесі			
V	Қазылар алқасы мен көпшілік алдында жұмыстың таныстырылымын презентациялау	4	Семинар-тренинг-2	6
5.1	Ғылыми баяндамаларды презентациялауға қойылатын талаптар			
VI	Зерттеу нәтижелері мен жарияланымдарды дайындау	4	Семинар-тренинг-2	6
6.1	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен жарияланымдарды дайындауға қойылатын талаптар			
	Барлығы:	24	12	36

Курстың мазмұны

1 Модуль. Баланың жасына сәйкес ғылыми зерттеулердің тақырыптары; тақырып таңдау критерийлері

1.1. Қазақстан тарихы. Секция бойынша бастауыш, орта буын және жоғары сынып оқушыларына ғылыми жобаның тақырыбын таңдау.

1.2. Этномәдениет. Секция бойынша бастауыш, орта буын және жоғары сынып оқушыларына ғылыми жобаның тақырыбын таңдау.

1.3. Өлкетану. Секция бойынша бастауыш, орта буын және жоғары сынып оқушыларына ғылыми жобаның тақырыбын таңдау.

2 Модуль. Зерттеу жүргізудің әдістемесі, ғылыми жобаларды басқару.

2.1. Проблемаларды анықтау, мәліметтер жинау. Материалды іздеу және жинау. Жоспарды құрастыру.

2.2. Материалдарды өңдеу, жүйелеу. Жиналған материалмен жұмыс. жүйелеу.

2.3. Ғылыми жұмыстарды жазбаша рәсімдеу. Негізгі мәтінді жазу. Қолжазбамен жұмыс.

3 Модуль. Ғылыми жұмыстарды рәсімдеу

3.1. Ғылыми жұмыстың құрылымы. Кіріспе және оның құрылымы. Зерттеудің негізгі бөлімдері. Қорытынды. Қосымша.

3.2. Ғылыми жұмыстың мазмұны мен ғылыми аппаратына қойылатын талаптары. Библиография.

4 Модуль. Зерттеудің практикалық бөлігін әзірлеу

4.1. Проблемалық зерттеу тақырыбын таңдау. Таблица. Иллюстрациялық материалдардың түрлері. Фото, схема, диаграмма.

4.2. Зерттеуді ұйымдастыру әдістемесі. Постер. Банер.

5 Модуль. Қазылар алқасы мен көпшілік алдында жұмыстың таныстырылымын презентациялау

5.1. Ғылыми баяндамаларды презентациялауға қойылатын талаптар. Баяндамалардың түрлері. Ауызша баяндаманың талаптары. Алдын ала жоспарлау.

6 Модуль. Зерттеу нәтижелері мен жарияланымдарды дайындау

6.1. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен жарияланымдарды дайындауға қойылатын талаптар. Мақаланың түрлері. Мақаламен жұмыс. Тақырыптың өзектілігін дәлелдеу. Мақаланың мақсаты мен міндеттері. Негізгі мазмұны. Сілтеме, әдебиеттер тізімі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абиля Е. Письменная работа в вузе. Учебное пособие. – Костанай: ТОО: «Центрум», 2010.-199 с.
2. Барнард Алан. Антропология тарихы мен теориясы. Ұлттық аударма бюросы.– Астана 2018.
3. Биск И. Я. Методология истории: Курс лекций. Иваново: ИГУ, 2007. 236 с
4. Ковальченко И. Д. Методы исторического исследования. – М.: Наука, 1987. 439 с.
5. Күзембайұлы А., Тарихтану теориясы. Оқу құралы. – Қостанай. 2012. 136 б.
6. Күзембайұлы А., Әбіл Е., Тарих теориясы және методологиясы. Оқу а. құралы. 20014.175 б.
7. Күзембайұлы А. Введение в специальность историка. Учебное пособие. а. КГПИ. – Костанай, ТОО Центрум, 2010. – 262 с